

Сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы

Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 2017 жылғы 2 мамырдағы № 9/114 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2017 жылғы 8 маусымда № 3370 болып тіркелді

ҚР НҚА электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі,
14.06.2017

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 3) тармақшасына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Қарақия аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қоса беріліп отырған Сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидалары бекітілсін.

2. Қарақия аудандық мәслихатының 2016 жылғы 9 желтоқсандағы № 6/79 "Сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы" шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3259 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 30 қаңтарда жарияланған) күші жойылсын деп танылсын.

3. "Қарақия аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі (аппарат басшысы Р.Ибраева) осы шешім Маңғыстау облысының әділет департаментінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін, оның Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы Е.Есенқосов

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қарақия аудандық тұрғын үй
коммуналдық шаруашылығы,
жолаушы көлігі және автомобиль
жолдары бөлімі" мемлекеттік
мекемесі басшысының
міндетін атқарушы
Чукин Асан Әділұлы
2 мамыр 2017 жыл

Қарақия
аудандық
мәслихатының
2017 жылғы 2
мамырдағы
№ 9/114
шешімімен
бекітілген

**Сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып
танылған иесіз
қалдықтарды басқару қағидалары**

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 20-1 бабының 5) тармақшасына сәйкес әзірленді және сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды (бұдан әрі – қалдықтар) басқару тәртібін айқындайды.

2. Қалдықтарды коммуналдық меншікке беру сот шешімінің негізінде жүзеге асырылады.

3. Қалдықтарды коммуналдық меншікке беру үшін аудан әкімдігі комиссия (бұдан әрі – комиссия) құрады, оның құрамына аудан әкімінің аталған салаға жетекшілік ететін орынбасары және тиісті мемлекеттік органдар мен өзге ұйымдардың өкілдері кіреді.

Комиссияның жұмысшы органы "Қарақия аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі болып

(бұдан әрі – бөлім) табылады.

Комиссия осы Қағидалардың 1 қосымшасына сәйкес нысан бойынша иесіз қалдықтарды коммуналдық меншікке беру туралы акт жасайды.

4. Иесіз қалдықтарды басқаруды бөлім жүзеге асырады.

5. Иесіз қалдықтарды басқару – бұл қалдықтарды бағалау, есепке алу, одан әрі пайдалану, сату, кәдеге жарату және жою бойынша қызмет.

2 тарау. Сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару тәртібі

1 параграф. Қалдықтарды есепке алу және бағалау

6. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы қолданыстағы заңнамасына сәйкес бөлім дербес немесе қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтерді көрсетуге лицензиясы бар жеке және (немесе) заңды тұлғаларды тарта отырып:

- 1) қалдықтардың қауіпті қасиеттерін зерделеу;
- 2) олардың қауіптілік деңгейін анықтау;

3) Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 жылғы 31 мамырдағы № 169-ө "Қалдықтар сыныптамасын бекіту туралы" бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4775 болып тіркелген) Қалдықтар сыныптаушының негізінде, Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 жылғы 30 сәуірдегі № 128-ө "Қауіпті қалдықтар паспортының нысанын бекіту туралы" бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4720 болып тіркелген) нысан бойынша қауіпті қалдықтар паспортын жасай отырып, кодын анықтау бойынша жұмыстарды жүргізеді.

Сонымен қатар, бөлім Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы қолданыстағы заңнамасына сәйкес бағалау қызметі саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтерді көрсетуге лицензиясы бар жеке және (немесе) заңды тұлғаларды тарта отырып, қалдықтардың құнын анықтау бойынша жұмыстарын жүргізеді.

Бөлім жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 1 ақпанына дейін өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрында есепке алу үшін Қарақия ауданының әкімдігіне қалдықтардың көлемі, түрлері,

орналасқан жері, жай-күйі және оларды басқару жөніндегі қабылданып жатқан шаралар туралы ақпаратты электрондық және қағаз тасымалдағыштарда есепті жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша береді.

7. Халықтың қалдықтарға қолжетімдігін болдырмаудың алдын алуды, олардың оқшаулану, топырақ жамылғысына, су ресурстары мен атмосфералық ауаға теріс әсерін азайту жөніндегі шараларды бөлім қамтамасыз етеді.

8. Егер Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы қолданыстағы заңнамасына сәйкес қалдықтардың қорытынды құны нөлге тең деп анықталса, онда бұл қалдықтар осы Қағидаларда көзделген тәртіппен қатысушы мәлімдеген баға бойынша сатылады.

Ескерту. 8 - тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 08.08.2018 № 19/219 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2 параграф. Қалдықтарды одан әрі пайдалану және сату тәртібі

9. Қалдықтарды бөлім заңды және жеке тұлғаларға Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы қолданыстағы заңнамасына сәйкес анықталатын бағалау құнынан төмен емес баға бойынша конкурс өткізу арқылы сатады.

10. Конкурсты дайындауды және өткізуді бөлім жүзеге асырады. Қарақия ауданы әкімдігімен Қарақия ауданы әкімдігі бөлімдерінің және мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдерін қоса отырып конкурстық комиссияның құрамын қалыптастырады.

11. Конкурстың шарттарын Қарақия ауданы әкімдігі анықтайды.

12. Бөлім еркін нысандағы жазбаша өтініш негізінде конкурсқа әлеуетті қатысушыларға конкурсқа қойылатын қалдықтар объектісі бойынша құжаттар пакетінің көшірмелерін ақысыз ұсынады.

Құжаттар пакетін бөлім қалыптастырады және конкурстық ұсыныс әзірлеу үшін өтініш берушіге қажетті мынадай ақпараттан тұрады:

- 1) қалдық туралы тарихы анықтама;
- 2) қалдықтардың сандық-сапалық сипаттамасы туралы ақпарат;
- 3) қалдықтардың қасиеттері туралы ақпарат;

4) қоршаған ортаға әсері туралы ақпарат.

13. Конкурс қатысушылардың аясы шектелмеген тобы арасында және ашық тәсілмен өткізіледі. Ашық конкурс өткізу туралы хабарландыру Қарақия ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланады.

Конкурсты өткізу мерзімін бөлім конкурс жарияланып отырған қалдықтар объектісінің ерекшелігіне қарай, бірақ конкурсқа қатысуға конкурстық ұсыныстарды қабылдау аяқталғанға дейін күнтізбелік жиырма күннен кешіктірмей анықтайды. Бір мезгілде хабарландыру Қарақия ауданының әкімдігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

14. Конкурс өткізу туралы хабарландыру мыналарды қамтиды:

1) конкурсты ұйымдастырушының атауы және қалдықтарды сату жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді қабылдау орнының мекенжайы;

2) өткізу уақыты мен орны;

3) қалдықтарды сату жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінім беру мерзімі;

4) конкурстың негізгі шарттары;

5) конкурсқа шығарылатын қалдықтар объектісінің орналасқан жері мен қысқаша сипаттамасы;

6) ақы төлеу үшін деректемелерді көрсете отырып, конкурсқа қатысу құқығы үшін қалдықтар объектісін бағалау құнының бір пайызын құрайтын жарнаның мөлшері.

15. Қалдықтарды сату жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімдерді (бұдан әрі – өтінім) қабылдауды бөлім мерзімді баспа басылымдарында конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған күнінен бастап жүзеге асырады және өтінімдерді қарау күніне үш күнтізбелік күн қалғанда аяқтайды.

16. Әлеуетті қатысушылар өтінімдерін осы Қағидалардың 2 қосымшасына сәйкес нысан бойынша беттері нөмірленіп, тігілген түрде ұсынады, соңғы бетіне олардың қолдары қойылып, мөр басылып куәландырылады.

Конкурсқа әлеуетті қатысушы қажет болған жағдайда конкурс шарттарының талаптарына сәйкес жұмысты орындау немесе қызмет көрсету үшін қосалқы мердігерлерді (бірге орындаушы) тартады, бірақ қызмет, жұмыс көлемінің үштен екі бөлігінен артық болмауы тиіс.

17. Конкурсқа қатысушы өтінімдерді қараудың белгіленген мерзіміне үш жұмыс күні қалғанға дейін бөліміне жазбаша түрде хабарлай отырып, өз өтінімін

кері қайтара алады.

18. Қарау қорытындысы бойынша комиссия өтінімдерді қабылдау немесе

бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Өтінімдерді қарау күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бөлім өтінім берушіге конкурсқа қатысуға жіберілгені туралы жазбаша хабарлама немесе дәлелді бас тарту жолдайды.

19. Бөлім мынадай жағдайларда өтінім қабылдаудан бас тартады:

1) осы Қағидалардың талаптарын бұза отырып өтінім беру;

2) өтінім беруші өтінімінде жалған немесе дұрыс емес мәліметтер беруі;

3) өтінімде өтінім берушінің қалдықтарды қауіпсіз кәдеге жарату (қайта өңдеу) үшін қажетті техникалық, ұйымдастырушылық, басқарушылық және қаржы мүмкіндіктері (Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 27 ақпандағы № 306 "Жеке шоттарын жүргізу қағидаларын бекіту туралы" бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №16601 болып тіркелген) нысан бойынша салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарнасы, міндетті кәсіби зейнетақы жарналары мен әлеуметтік салымдар бойынша берешектің (бар) жоқ екендігі туралы анықтама, қаржы мүмкіндіктерін растайтын құжат) бар екені немесе оларға ие болатыны туралы құжат жүзінде растаманың болмауы.

Ескерту. 19 - тармаққа өзгерістер енгізілді Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 29.05.2018 № 17/195 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

20. Конкурсқа қатысуға дайындық бойынша шығынды қоса алғанда, конкурсқа қатысушылардың жұмсаған шығындары қайтаруға не өтелуге жатпайды. Бөлім конкурстың қорытындысы жарияланған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде жеңімпаз деп танылмаған конкурсқа қатысушыларға жарналарын қайтарады.

21. Конкурсқа қатысуға жіберілген өтінім беруші конкурстық ұсыныс жасайды, оны бөлім конверттерді ашу рәсіміне бір сағатқа дейінгі уақыттан кешіктірмей ұсынады. Бөлімге келіп түскен және конкурсқа жіберілген конкурстық ұсыныстар конкурсқа қатысушыларға кері қайтарылмайды.

22. Конкурсқа қатысу үшін конкурстық ұсыныстар мыналарды қамтиды:

1) өтінім берушінің конкурс өткізу тәртібіне және өтінім берушінің міндеттеріне қатысты осы Қағидалардың шарттарымен танысқандығы туралы растауы;

2) жарғы көшірмесі (заңды тұлғалар үшін);

3) әлеуетті қатысушының бірінші басшысын тағайындау (сайлау) туралы құжаттың көшірмесі;

4) берілетін қосалқы мердігерлікке жұмыстардың, жұмыстарды орындау бойынша қосалқы мердігерлердің тізбесі, көлемі мен түрлері (тартылған жағдайда);

5) конкурсқа қатысу құқығына төленген жарна төлемін растайтын құжат (ақысыз өткізген жағдайда ұсынылмайды);

6) әлеуетті қатысушының қолы қойылған баға ұсынысы;

7) конкурс шарттарын орындауға бағытталуы тиіс бағдарлама (жобаны іске асыру мерзімдері, технологияны қолдану, қаржы мүмкіндіктері, экологиялық заңнамалар талаптарына сәйкестігі).

23. Әлеуетті қатысушы конкурстық ұсынысты беттері нөмірленген,

тігілген түрде ұсынады және соңғы парағына оның қолы қойылып, мөр басылып куәландырылады.

24. Конкурстық ұсыныстар әлеуетті қатысушыға грамматикалық немесе арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайды есепке алмағанда, тармақтардың арасында ешқандай да бір артық жазусыз, өшірусіз немесе қоса жазуларсыз ұсынылады.

25. Әлеуетті қатысушы конкурстық ұсынысын конвертке мөр соғып бекітеді. Конвертте әлеуетті қатысушының атауы және заңды мекенжайы көрсетіледі.

26. Конкурстық ұсыныстарды конкурстық комиссия конвертті ашқан күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде бағалайды.

Конкурстық комиссияның шешімі хаттама түрінде ресімделеді. Хаттамаға конкурстың комиссия мүшелері қол қояды.

27. Конкурстық комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады және ол қатысып отырған конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы санының басым көпшілігі дауыс берген кезде қабылданды деп саналады. Дауыстар тең болған жағдайда конкурстық комиссияның төрағасы дауыс берген шешім қабылданды деп есептелінеді.

Конкурстық комиссияның кез келген мүшесі

конкурстық комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда өз пікірін білдіріп, оны жазбаша баяндайды және конкурс қорытындысының хаттамасына тіркелінеді.

28. Конкурс жеңімпазын конкурстық комиссия мынадай негізгі критерийлер жиынтығы негізінде анықтайды:

1) бағдарламаның іс-шаралары конкурс шарттарын орындауды қамтамасыз етуге тиісті (жобаны іске асыру мерзімдері, технологияларды пайдалану, қаржы мүмкіндіктері, экологиялық заңнамалар талаптарына сәйкестігі);

2) баға ұсынысы.

29. Конкурстың нәтижелері сол конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған мерзімді баспа басылымдарында жарияланады, сондай-ақ Қарақия ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында шұғыл түрде орналастырылады.

30. Конкурсқа бір ғана өтінім беруші қатысқан жағдайда, конкурс өткізілген жоқ деп танылады.

31. Конкурс өткізілген жоқ деп танылған кезде конкурстық комиссия объектіні конкурстан алып тастайды немесе конкурс өткізуді қайта белгілейді. Тек бір ғана өтінім берушінің қатысуына байланысты конкурс қайта өткізілген жоқ деп танылған кезде, бөлім конкурстық комиссияның ұсынысы бойынша мұндай өтінім берушімен келіссөздер және уәкілетті орган үшін тиімді шарттар негізінде конкурстық ұсыныста олар ұсынғаннан кем болмайтын жағдайда келісімшарт жасайды.

32. Конкурсқа конкурс талаптарына сәйкес келетін бірде бір жоба ұсынылмаған жағдайда да конкурс өткізілген жоқ деп танылады.

33. Конкурс жеңімпазымен шарттары Қарақия ауданы әкімдігімен келісілетін қалдықтарды сату туралы келісімшарт (бұдан әрі – Келісімшарт) жасалады. Келісімшарты қалдықтармен жұмыс істеу кезінде Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарын сақтау және жалпы жұмыс жүргізу бойынша, сондай-ақ конкурс жеңімпазының ұйым бекіткен үлгісі бойынша орындаған жұмыстары туралы есеп беруі бойынша міндеттемелерді қарастырады.

Есеп бөлімге тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың оныншы күніне дейін ұсынылады.

Келісімшарт талаптары сақталмаған жағдайда бөлім оны Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен бұзады және конкурс өткізуді

қайта жариялайды.

34. Конкурс екі рет өткізілген жоқ деп танылған жағдайда бөлім осы Қағидаларда қарастырылған тәртіппен қалдықтарға ақысыз негізде іске асыруға конкурс жариялайды және өткізеді.

35. Қалдықтарды сатудан тапқан бөлімінің қаражаты мемлекет кірісіне жіберіледі.

3 параграф. Қалдықтарды кәдеге жарату және жою

36. Осы Қағиданың 31 тармағымен көзделген негіздеме бойынша қалдықтарды ақысыз негізде іске асыру бойынша конкурс өткізілген жоқ деп танылған кезде қалдықтар талап етілмеген деп саналады.

Бөлім талап етілмеген қалдықтарды кәдеге жарату және жоюды Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес аудандық бюджет қаражатының есебінен жүзеге асырады.

3 тарау. Қорытынды ережелер

37. Коммуналдық меншікке түскен қалдықтармен жұмыс істеу процесінде Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында көзделген талаптар сақталады.

Сот шешімімен
коммуналдық
меншікке
түскен болып
танылған
иесіз
қалдықтарды
басқару
қағидаларына
1 қосымша
Нысан

Иесіз қалдықтарды коммуналдық меншікке беру туралы акті

20__ жылғы
"__" _____

_____ (жасалған уақыты)
орын)

Комиссия құрамында

_____ (акт жасалған

20 _____ жылғы " _____ " _____ № _____ сот
шешіміне сәйкес коммуналдық меншікке мынадай құрамдағы:

Қалдық түрі	Саны (тонна, м ³ , га ауданы)	Қалдықтың деңгейі және коды (қалдықтар сыныптамасы бойынша)	Орналасқан жері	Қалдықтардың жай-күйі туралы түсіндірме

иесіз қалдықтардың қабылданғаны туралы осы актіні жасады.

Комиссия мүшелері (Т.А.Ә., қолы):
Мөрдiң орны

Сот шешімімен
коммуналдық
меншікке
түскен болып
танылған
иесіз
қалдықтарды
басқару
қағидаларына
2 қосымша
Нысан

Өтінім

1. _____

(өтініш берушінің атауы)

2. _____

(өтініш берушінің заңды мекенжайы және негізгі қызмет орнының мекен жайы)

3. _____

(мемлекеттік тиістілігі (заңды тұлғалар үшін), азаматтылығы (жеке тұлғалар үшін))

4. _____

(басшылары немесе заңды тұлғалар иелері және өтініш берушіні ұсынатын тұлғалар туралы мәлімет)

5. Қарақия ауданы әкімдігімен анықталған конкурс шарттарын орындау үшін өтініш берушінің техникалық, басқарушылық, ұйымдастырушылық және қаржылық мүмкіндіктері туралы мәліметтер (салықтық берешектің жоқтығы туралы анықтама, ақшалай қаражаттың бары туралы банктің анықтама) қоса беріледі.

(ұйымның
атауы)
Ә.)

(қолы)

(Т.А.

Ескерту:

Аббревиатураның ажыратып жазылуы:

мі - текше метр;

га - гектар;

Т.А.Ә. - тегі, аты, әкесінің аты.